

ISSN 2518-1467 (Online),  
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

5

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2017

SEPTEMBER  
СЕНТЯБРЬ  
ҚЫРКҮЙЕК

Б а с р е д а к т о р ы

х. ғ. д., проф., ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Ресей)  
**Абишев М.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Аппель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуқанов Д.А.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Байпақов К.М.** проф., академик (Қазақстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Қазақстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Велихов Е.П.** проф., РҒА академигі (Ресей)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Әзірбайжан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Қалимолдаев М.Н.** проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., корр.-мүшесі (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалықов Ж.У.** проф., академик (Қазақстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Ресей)  
**Поняев А.И.** проф. (Ресей)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Қазақстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Қазақстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., РҒА корр.-мүшесі (Ресей)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.)

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде  
01.06.2006 ж. берілген №5551-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,  
www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2017

Типографияның мекенжайы: «Аруна» ЖК, Алматы қ., Муратбаева көш., 75.

Г л а в н ы й р е д а к т о р  
д. х. н., проф. академик НАН РК  
**М. Ж. Журинов**

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

**Абиев Р.Ш.** проф. (Россия)  
**Абишев М.Е.** проф., член-корр. (Казахстан)  
**Аврамов К.В.** проф. (Украина)  
**Апель Юрген** проф. (Германия)  
**Баймуканов Д.А.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Байпаков К.М.** проф., академик (Казахстан)  
**Байтулин И.О.** проф., академик (Казахстан)  
**Банас Иозеф** проф. (Польша)  
**Берсимбаев Р.И.** проф., академик (Казахстан)  
**Велихов Е.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Гашимзаде Ф.** проф., академик (Азербайджан)  
**Гончарук В.В.** проф., академик (Украина)  
**Давлетов А.Е.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Джрбашян Р.Т.** проф., академик (Армения)  
**Калимолдаев М.Н.** академик (Казахстан), зам. гл. ред.  
**Лаверов Н.П.** проф., академик РАН (Россия)  
**Лупашку Ф.** проф., чл.-корр. (Молдова)  
**Мохд Хасан Селамат** проф. (Малайзия)  
**Мырхалыков Ж.У.** проф., академик (Казахстан)  
**Новак Изабелла** проф. (Польша)  
**Огарь Н.П.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Полещук О.Х.** проф. (Россия)  
**Поняев А.И.** проф. (Россия)  
**Сагиян А.С.** проф., академик (Армения)  
**Сатубалдин С.С.** проф., академик (Казахстан)  
**Таткеева Г.Г.** проф., чл.-корр. (Казахстан)  
**Умбетаев И.** проф., академик (Казахстан)  
**Хрипунов Г.С.** проф. (Украина)  
**Юлдашбаев Ю.А.** проф., член-корр. РАН (Россия)  
**Якубова М.М.** проф., академик (Таджикистан)

**«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2017

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

**M. Zh. Zhurinov**

E d i t o r i a l b o a r d :

**Abiyev R.Sh.** prof. (Russia)  
**Abishev M.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Avramov K.V.** prof. (Ukraine)  
**Appel Jurgen,** prof. (Germany)  
**Baimukanov D.A.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Baipakov K.M.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Baitullin I.O.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Joseph Banas,** prof. (Poland)  
**Bersimbayev R.I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Velikhov Ye.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Gashimzade F.** prof., academician ( Azerbaijan)  
**Goncharuk V.V.** prof., academician (Ukraine)  
**Davletov A.Ye.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Dzhrbashian R.T.** prof., academician (Armenia)  
**Kalimoldayev M.N.** prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief  
**Laverov N.P.** prof., academician of RAS (Russia)  
**Lupashku F.** prof., corr. member. (Moldova)  
**Mohd Hassan Selamat,** prof. (Malaysia)  
**Myrkhalykov Zh.U.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Nowak Isabella,** prof. (Poland)  
**Ogar N.P.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Poleshchuk O.Kh.** prof. (Russia)  
**Ponyaev A.I.** prof. (Russia)  
**Sagiyani A.S.** prof., academician (Armenia)  
**Satubaldin S.S.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Tatkeyeva G.G.** prof., corr. member. (Kazakhstan)  
**Umbetayev I.** prof., academician (Kazakhstan)  
**Khripunov G.S.** prof. (Ukraine)  
**Yuldashbayev Y.A.,** prof. corresponding member of RAS (Russia)  
**Yakubova M.M.** prof., academician (Tadjikistan)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 2518-1467 (Online),**

**ISSN 1991-3494 (Print)**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,  
<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2017

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**A. T. Abdiramanova<sup>1</sup>, B. M. Satershinov<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Senior Lecturer at Korkyt Ata Kyzylorda State University, Candidate of Philosophical Sciences,<sup>2</sup>Head of the department of Religious Studies, Institute of Philosophy, Political Studies and Religious Studies.  
Doctor of philosophical sciences, professor**COMPETITIVENESS WITHIN THE GLOBALIZATION CONDITIONS  
AND NATIONAL-CULTURAL DIMENSIONS**

**Abstract.** In the article the problem of competitiveness of national originality and preserving of cultural values within the globalization conditions is raised. It is revealed the sources of globalization and character of its spreading in the world. It is proved negative influence of economic globalization on original cultural development of national communities, as in international management of business national peculiarity of development of agriculture is not taking into account.

**Key words:** competitiveness, sociocultural factor, tradition, innovation, globalization, enterprise culture, values, spiritual modernization, housekeeping, national economy.

ӘОЖ 325

**A. T. Әбдіраманова<sup>1</sup>, Б. М. Сатершинов<sup>2</sup>**<sup>1</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы,  
философия ғылымдарының кандидаты,<sup>2</sup>ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі,  
философия ғылымдарының докторы, профессор**ЖАҒАҢДАҢУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ҚЫРЛАРЫ**

**Аннотация.** Мақалада жаһандану жағдайында ұлттық төлтумалылықтың бәсекеге қабілеттілігі мен мәдени құндылықтарды сақтап қалу мәселесі көтеріледі. Жаһанданудың шығу тектері мен оның бүкіл әлемге таралуының сипаты ашылып көрсетіледі. Ұлттық қауымдастықтардың өзіндік мәдени дамуына экономикалық жаһанданудың теріс әсері дәлелденеді, өйткені бизнестің халықаралық менеджментінде шаруашылық жүргізудің ұлттық ерекшеліктері ескерілмейді.

**Тірек сөздер:** бәсекеге қабілет, әлеуметтік-мәдени фактор, дәстүр, жаңашылдық, жаһандану, кәсіпкерлік мәдениет, құндылықтар, рухани жаңғыру, шаруашылық жүргізу, ұлттық экономика.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында мейлінше өзекті мәселені көтерді. Әлемнің озық елдерінің қатарына қосылу үшін саяси реформа мен экономикалық жаңғырудың маңыздылығына қоса, «ойлағанымыз орындалу үшін мұның өзі жеткіліксіз» екендігін айта келіп, «...мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады» [1], деп атап көрсетті.

Елбасы қазақ халқының «тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын» [1] дей келе, тұтас қоғамның және әрбір қазақстан-

дықтың санасын жаңғыртудың бірбағыты ретінде «бәсекелік қабілетті» алдымен атап өтті. «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» [1]. Ұлттық сана мен бірегейлікті, ұлттық мәдениет пен кодты сақтаудың маңыздылығын алға тартты.

Бұл тұста, Елбасының рухани тәуелсіздік пен дәстүр сабақтастығын сақтай отырып, өркениеттік мұраттарға жетуді меңзеп отыр. Бізге ұлтты ұйыстыратындай рухани жаңғыру қажет, ал ол болса демократиялық және күшті Мемлекетпен, әділ әрі гүлденуші Қоғаммен, сондай-ақ еркін әрі құрметтелетін Тұлғамен сипатталады. «Бәсекеге қабілетті алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына ену», «зияткерлік ұлт қалыптастыру», «индустриалдық-инновациялық даму» тәрізді ұрандар ұлттық-мәдени бітім-болмысты сақтағанда ғана мүмкін болады. Бұл идеялар біржақты технологиялық мақсатта болмай, жаһандану мен жаңару жағдайында оның терең рухани мазмұны да болуы қажет.

Бүгінгі жағдайда, желігу мен еліктеудің салдарынан батыстану мен жаһандануды бастан өткізгеннен кейін, қазіргі қаржылық-экономикалық дағдарыстың бір түбірі атлантизмнің рухани тоқырауында жатқанын ескере отырып, бойымызға табиғи тән ұлттық жаратылысымызға, дәстүрлі тарихи-рухани тамырымызға оралуымыз қажет. Бәсекеге қабілетті болу үшін өзіңнің басқалардан айырмашылығыңды білдіретін өздік ұлттық «МЕНіңе» ден қою керек, яғни қазіргі жағдайда алдымен қазақ болуың керек. Бұл зияткерлік ұлт қалыптастырудың, алдыңғы қатарлы отыз елдің қатарына қосылудың, ең бастысы жаһанданудың жойқын ықпалынан аман қалып, мәдени төлтумалық пен рухани дербестікті сақтап қалудың кепілі. Президент Н. Назарбаев айтқан рухани жаңғыруды жүзеге асыру үшін тамырынан ажырай бастаған дәстүрлі дүниетанымды тірілту қажет.

«Қанағат қарын тойғызады» дейтін қанағатшыл халқымыздың дәстүрлі дүниетанымындағы үнемділік түсінігінің соңғы уақыттарда тойқұмарлыққа, ысырап пен бей-берекетсіз төгіп-шашуға орын беріп жатқанын аңғаруға болады. Үнемділікті сараңдықпен, ысырапты жомарттықпен шатастыруға болмайды. Ысырап адамды ашкөздікке душар етеді. Ашкөздік алдымен қанағатсыздыққа әкелсе, ал қанағатсыздық адамның еңбекке деген ынтасын жояды, жалқаулыққа итермелейді, орынды да адал пайданы тастап, орынсыз оңай олжа іздетеді. Өсімқор банктерден жаппай несие алып, қарызға бату құбылысының белең алуынан-ақ ашкөздіктің зиянға ұшырау мен сәтсіздіктің себебі екендігін бағамдауға болады. Үнемді пайдаланбаудың салдарынан тұтынушылар артады, ал өндірушілер азаяды. Жұрттың бәрі үкіметтің аузына қарайтын болады. Осылайша, әлеуметтік тұрмыстың тірегі болып табылатын өнеркәсіп, сауда, ауыл шаруашылығы салалары тоқырап қалады. Тұтынушы қоғам-ды тойым білмейтін үлкен асқазанмен салыстыруға болады. Жер жаһандағы ашаршылық пен екі дүниежүзілік империалистік соғыстардың да бір себебі – тойымсыздық. Ал үнемділік болса, берекеттің бірден-бір көзі, үнемшіл адам тұрмыстың тауқыметі мен күн-көрістің машақатын көп шекпейді. Ислам дінінің де, протестанттық пуританизмнің де артық ысырапқа қарсы шығып, үнемділік пен қапайымдылықты уағыздайтыны белгілі.

Біздің неше ғасырдан бергі дәстүрлі салт-санамыз ислами құндылықтармен астасып кеткен, енді одан несіне жерінеміз, қайта әркімді даралайтын осы өздігімізге қайтып келген дұрыс емес пе?! Оның үстіне, біздің төл мәдениетімізге мүлдем жат нарықтық қатынастарға негізделген құндылықтар мен пайдакүнемдік философия халқымыздың мінез-құлқына, адамшылыққа құрылған әлеуметтік қарым-қатынасымызға кері әсерін тигізіп отыр. Ақша тапқан, мал тапқан да жақсы ғой, бірақ осы қандай жолмен табылғаны белгісіз табысты жөнімен жұмсамай, жаңағы айтылғандай, бос желікке, ойын-сауыққа және арзан құндылықтарға жұмсап, желге ұшырып жіберу үрдісі белең алуда. Ал мұсылманшылықтан шамалы да болса хабары бар адам ысырап жасаудың, мағынасы жоқ сөз айтып, мәні жоқ іс істеудің, бос пайдасыз нәрсемен айналысудың немесе құр босқа жатудың терістеліп, керісінше, құдайдың разылығы үшін өзіңе ғана емес, өзгелерге де үнемі пайда әкелетіндей әрекет үстінде жүруі керектігін жақсы біледі.

Бәсекеге қабілеттің маңызды сипаттамасының бірі оның ұлттық нақышымен түсіндірілсе, ал оның келешегі бәріміз куә болып отырған жаһандану үдерісімен байланыстырылады. Ал жаһанданудың қазақстандық қоғам сияқты посткеңестік елдерге жағымды да, жағымсыз да әсері болуы мүмкін.

Ұлттық бәсекеге қабілеттілікке қатысында жаһандану үдерісінің бірқатар аспектілері бар. Олардың негізгілеріне тоқталайық.

1. Экономикалық аспект. Бұл ең алдымен тауарлар мен капиталдар рыногын ұлттық мемлекеттердің тарапынан либералдандыруынан (ырқына жіберілуінен), халықаралық капиталдың ірі трансұлттық компаниялар мен қаржылық топтардың қолына шоғырлануынан байқалады.

2. Саяси-құқықтық аспект. Бұл мемлекеттік шекаралардың жойылуынан, саяси блоктар қарама-қарсылығының бәсеңдеуінен, халықаралық байланыстардың идеологиясыздандыруынан, ішкі және сыртқы экономикалық процестердегі мемлекеттің ролі мен ықпалын әлсірететін халықаралық құқықтық актілер мен келісімдерді қабылаудан көрінеді.

3. Ғылыми-техникалық аспект техноглобализм феноменімен, жекелеген елдерде пайда болған жаңашылдықтар мен жаңа технологиялардың техникалық білімдердің біртұтас комплексіне қосылуынан, Интернеттің қалыптасуы мен телекоммуникация саласындағы төңкерістердің нәтижесі ретіндегі байланыс, транспорт пен өндірістегі «технологиялық макро жүйелердің» пайда болуынан аңғарылады.

4. Этно-демографиялық аспекттің айқын белгісі өнеркәсіпті дамыған елдер тұрғындарының қартаюуы, ал дамушы елдердің үздіксіз өсімі негізінде планета тұрғындарының саны артуы аясында өтіп жатқан миграциялық процестердің нәтижесінде этностардың араласуы немесе этникалық диффузия болып табылады.

5. Экологиялық аспект – планета тұрғындарының өмірқамы үшін принципіалды маңыздылыққа ие жаһандық экологиялық мәселелердің шиеленісуі.

6. Әлеуметтік-мәдени аспект ұлттық, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың рөлінің әлсіреуінен, индивидтің рөлі күшейіп, социумның рөлі төмендеуінен, адамдардың саяси және әлеуметтік көзқарастарының, өмірлік құндылықтар шкаласының, әлеуметтік-мәдени стереотиптердің жақындасуымен сипатталатын рухани-этикалық конвергенциядан байқалады.

Мұның үстіне, экономикалық өрістің өзінде мұнан 15-20 жылғы болмысымен салыстыруға келмейтін әлемдік экономиканың түбегейлі жаңа құрылымын қалыптастыратын құбылыстар орын алууда. Бұл құбылыстарға мынаны жатқызуға болады:

- қаржылық жаһандастыру және жаһандық трансұлттық корпорациялардың қалыптасуы, капиталдың өндірістен үстемдігінің және қаржылық спекуляцияның өсе түсуі;
- әлемдік сауданың үдемелілігі және сонымен қатар әлемдік экономиканың аймақтануы, шаруашылық үрдістердің жаһандық конвергенцияға ұшырау тенденциялары;
- ақпараттық ағымдардың көп есе өсуі және олардың алуан түрлілігі, ақпараттық ашықтығы;
- жаһандық олигополиялар ықпалының кеңеюі және трансұлттық кәсіпкерліктің өсуі;
- саяси, экономикалық, әскери қуаттылық орталықтарының қайта құрылуы, трансұлттық экономикалық дипломатияның құрылуы және ұлттан тыс мемлекеттік биліктің жақандануы.

Бұл үдерістердің ауқымдылығы мен алуан түрлілігі жаһандануға арналған әдебиеттерде жеткілікті түрде сипатталған. Бүгінгі күні осы әр алуандылықты бір жүйеге салып, құрылымға келтіру қажет. Онсыз қойнауында ғаламдық процестер жүріп жатқан дүниежүзілік шаруашылықтың қазіргі көрінісін елестету мүмкін емес.

Жаһанданудың ұлттық модернизациялауға ықпалы қандай? Ол ұлттық әлеуметтік-мәдени құндылықтарға қауіп төндірмей ме? Осы қырынан ала отырып жаһандануға тағы да мынадай анықтама беруге болады.

Жаһандану – бұл өте жаңа ақпараттық және қаржылық технологияларды, сондай-ақ халықаралық өндірістік, саяси-құқықтық және ұйымдыстырушылық-экономикалық әрекеттің жаңа формаларын пайдалана отырып, бәсекелестердің ұлттық әлеуметтік-мәдени стереотиптеріне қысым жасау арқылы экономикалық әрекетті ұлттан тыс қоюдың жаңа формаларына негізделген бәсекелестік артықшылықтарды қалыптастыру үдерісі. АҚШ тәрізді алпауыт ел өзінің ұйымдастырушылық-технологиялық, валюталық-қаржылық саясатымен әлемді долларландырып алды. Бір жағынан, долларды қабылдап алған елдер үшін оның формальды территориясы мен онда

орналасқан ресурстар егеменді мемлекеттің дәстүрлі ахуалында берілетіндей бәсекелестікке қабілеттілік мағынасынан өзгереді. Екінші жағынан, өзге елдердің территориясын осылайша жартылай формальды жаулап алу жолымен АҚШ-ң экономикалық ықпал ету аймағының кеңейуі олардың ресурсын белсенді түрде пайдалануға мүмкіндік беріп, сонымен бірге өздерінің ұлттық бәсекелестікке қабілеттілігін арттырады.

Ықпал етудің мәнді факторларының бірі – әлеуметтік-мәдени факторлар маңызы жағынан алдыңғы екі ықпалдан – ұйымдастырушылық-технологиялық және валюталық-қаржылық әсерден еш кем емес, керісінше анағұрлым маңызды, өйткені ол кез-келген елдің өмірлік маңызы бар әлеуметтік қырларын қамтиды.

Шаруашылық өмірдің интернационализациялануы барысында евроамери-кандық типтегі дамыған (өнеркәсіпті) елдердің әлеуметтік-мәдени базасына негізделген шаруашылық жүргізу үлгісінің таралуы орын алады [2]. Осы қырынан алғанда ғаламдастыруды әлемдік шаруашылық «байланыстардың жаңа формасы ретінде қарастырып, оны «өмір тәртібінің экспорты» деп атауға болады. «Бұны күн өткен сайын үдей түскен өмір тәртібінің халықаралық қозғалысын қалыптасқан халықаралық қатынастардың жаңа қыры ретінде, оның дербес бір формасы» ретінде қарастыруға болады [3, 27-б.].

Осы мәселеге қатысты белгілі американдық идеолог З. Бжезинский былайша дәлірек айтады: «Мәдени үстемдік американдық ғаламдық қуаттың жеткіліксіз бағаланған жағы болып отыр. Өйткені дамудың американдық жолына еліктеу бірте-бірте бүкіл әлемді қамтитындықтан, бұл жанама түрде болсын, консенсуалды американдық гегемонияның орнатылуына қолайлы жағдай туғызды. Американдық үстемдік, осылайша, шетелдерде американдық жүйенің көптеген белгілері тек көшіріліп қана қоймай, қайта өндірілетін де жаңа халықаралық тәртіпті туғызды» [4, 59-б.].

Стратегиялық ойдың белгілі американдық маманының айтып отырған «американдық гегемониясы» бұл жерде американдық әлеуметтік-мәдени жүйенің бүкіл әлемдегі тек шаруашылық ұйымдар формаларының әралуандылығын ғана емес, жалпы әлеуметтік-мәдени әр алуандылықты да бәсекелестік тұрғыда басып-жаншуға ұмтылысын білдіреді. Бұл айғақты көпшілік жақсы түсінеді және сондықтан да әлемнің әр түпкірінен жаһандандудың қарсыластары табылып жатады. Мұндай қысым, әрине, үстемдік пен биліктің мүлдем жаңа түрін тудырады. Мұнда ешқандай нақты консенсусқа орын жоқ, керісінше, оның мәнін күн көріс көзінен айрылу қорқынышы құрайды. Әдетте, «сүйкімсіз билікке үреймен ғана қызмет етеді».

Осылайша ұйымдастырылған жаһандану процесі әлемнің барлық елдерінде бәсекелестік артықшылықтардың іргетасын қалайтын ұлттық экономикалық жүйелердің негізіне ғана емес, жалпы әлемдік экономиканың өзіне де стратегиялық соққы береді. Ол төмендегідей үш негізгі жағдайлармен байланысты.

Біріншіден, өзінің шаруашылық жүргізу стереотипін ашық және жасырын таңа отырып, жаһандастырушылар бәсекелестік артықшылықтар қалыптастырудың ұлттық негіздерін бұзады, өйткені оны қабылдаушы жақ (ұлттық экономика) осы стереотиптерді көшіре отырып, үнемі оған жат нәрсе ретінде бейімделуге мәжбүр және сондықтан да бәсекелестік қабілеті төмен болады. Демек, ұлттық экономика тұрақты түрде стратегиялық артта қалуға көндігеді.

Мұның айқын көрінісін 1990-жылдары әлемдік социалистік жүйенің күйреуі нәтижесінде тәуелсіздікке ие болған кейінгі кеңестік елдердің тәжірибесінен байқауға болады. Олар өздерінің тарихи және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктеріне анағұрлым толық жауап беретін шаруашылық әрекетінің жеке арнайы формаларын табудың орнына жоспарлы экономикадан жинақталған орасан зор тәжірибені ысырып тастап, шаруашылық үрдісінің нарықтық формаларын жөн-жосықсыз тікелей көшіру жолына түсті. Осы әрекетімен олар «көшбасшының соңынан мәңгі қуалаушы бәсекелес» ретінде жаһандану үдерісіне жаңа серпін берді. Шаруашылық жүргізудің нарықтық формаларын қалыптастыруға Батыс елдерінде жүздеген жылдар кетсе, оған тез бейімделе алмағандықтан, бұл елдердің қоғамдық өмірінде қылмыс пен дағдарыс белең алды.

Екіншіден, дамыған елдер либералды құндылықтарға негізделген ғаламдастыру процесінің жетекшілері рөліне үміттеніп отырып, шындығына келгенде екіжақты үлгілер саясатын жүргізіп отыр. Өздерінің ұлттық экономикалық мүдделерін әртүрлі антидемпингтік сылтаулармен бүркемелеп жасырын түрде немесе өздері қабылдаған міндеттерді бұза отырып ашық түрде өздерінің экономикалық және саяси қуатына сүйеніп, ашық протекционистік сипаттағы шараларды жүргізеді.



Үшіншіден, әртүрлі елдерге өздерінің экономикалық және әлеуметтік-мәдени жүріс-тұрыс стереотиптерін таңа отырып, жаһандастырушылар әлемдік экономикадағы бәсекелестік міндеттерін шешудің жаңа, анағұрлым тиімді комбинацияларын қалыптастырудың негізін жояды. Өйткені шаруашылық үрдісі мен өмірқамының формаларының алуан түрлілігі ғана олардың әртүрлі комбинацияларынан синергетикалық тиімділік алудың алғышарттарын қалыптастырады. Шаруашылық процестерін ұйымдастыруға қоса бір типтегі әлеуметтік-мәдени формаларды да таңа отырып, ғаламдастырушылар әлемді қоғамдық, оның ішінде экономикалық өмірдің жаңа анағұрлым тиімді формаларын қалыптастырудың алуан түрлі мәдени негізінен айырады, оны әбден тозығы жеткен және оның үстіне экологиялық, әлеуметтік, этномәдени тұрғыдан алғанда қауіпті әлеуметтік жүріс-тұрыс стереотиптерін біржақты көшіруге мәжбүрлейді.

Жаһандандудың «көзге көрінбейтін осындай құдіреттілігі» жағдайында отандық экономиканы қалай тығырықтан шығаруға болады?

Бүгінде жалпы әлемнің, сондай-ақ әлемдік процесінің барысы бәсекелестік күрестегі ең басты артықшылық дұрыс экономиканың тарихи стратегияны таңдап алумен байланысты екендігін дәлелдеп отыр. Кез-келген ел үшін – бұл ең маңызды міндет, өйткені ол бәсекелестерге *қалай қарсы тұру* емес, ең алдымен *не үшін қарсы тұру* керек екендігін анықтап алумен сипатталатын өмірлік маңызы бар мәселені шешеді. Елдің жаһандық бәсекелестік күресте нені қалайтынына оның жолдары мен құралдарын таңдауда қолданылған тәсілдердің тиімділігі де тәуелді болады.

Ең алдымен әлеуметтік-мәдени сипаттағы мәселелер шешіледі, социумның (әлеуметтің) өмірінің тек материалдық негізін ғана емес, оның рухани және мәдени-тарихи өзегін құратын өмірқамының жүйесі анықталады. Өзінің ұлттық қайта өндірістік базасына ие кез-келген халықтың, ұлттың, мемлекеттің ерекшелігі мен қайталанбас өзгешелігі дәл осы өзекте сақталады.

Қазіргі уақытта бұл өндірістік база тек материалды, экономикалық потенциалды ғана емес, онан терең нәрселерді де қамтиды. Бұл тұңғыш тереңдік елдің негізгі халқының шаруашылық жүргізу типін қалыптастыратыны ерекше әлеуметтік-мәдени кілтипанмен анықталады және осының арқасында ел өзінің шаруашылық әрекетінен барынша жоғары тиімділікке қол жеткізеді.

Қалыптасқан шаруашылық өмірдің нормаларын өзгертудің өзі қашанда өте шиеленісті күрделі іс және әлеуметтік тұрғыда қауіпті болып табылады. Кезінде Макиавелли дәл айтып кеткендей, «ескі тәртіптерді жаңасымен ауыстырғаннан асқан табысы күмәнді, жүргізуі қауіпті, құрылымы қиын іс жоқ». Ал ұлттық және мәдени-тарихи ерекшеліктерді ескермей, шаруашылық жүйе үлгілерін жөн-жосықсыз ойланбастан көшіріп алу тәжірибесі мұнан да қауіпті болса керек. Мұның көрінісін алысқа бармай-ақ, өзіміздің кешегі өткенімізден аңғаруға болады.

Шын мәнінде, қазіргі либерализм адамзат өмірінің барлық саласында үстемдік беретін, әулиелік санатқа дейін көтерілген ақшаның абсолюттік құдіретін насихаттағанымен, өзінің атына сай келмейтіндей нақты еркіндіктің келемежі ғана болып табылады. Ақшаның үстемдігі, дәлірек айтқанда олардың иелерінің үстемдігі еркіндікті таптауда тоталитаризмнен асып түспесе, кем түспейді. Бұл әлемдегі кез-келген мақсатына жету жолында өз байлығын үнемі ұлайта беруді құрал ретінде пайдаланатын, табиғатты, қоғамды және адамның өзін жоюға бағытталған ақша үстемдігінің осы тілсіз доктринасы, либералдық идеологияға қарсы ұлттық дәстүрдің аясына да, тарихи жағдайларға да сай келетін стратегиялық тұрғыда дұрыс таңдалған ерік қажет.

Тұрпайы либерализмнің осындай әлеуметтік шизофрениясынан, оның идеологиялық догматтарынан бас тартып және өмірқамының үйреншікті тұрақты формаларына сүйену арқылы ғана әлемдік рыноктағы әлеуметтік-мәдени әр алуан ұлттар мен елдермен бірлесе және адал, таза бәсекелесуге мүмкіндік беретін ұлттық экономиканың берік құрылымын қалыптастыруға болады.

#### ӘДЕБИЕТ

[1] Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhan-zhanhghyru>

[2] Рожков С. Процесс глобализации и национальная экономика. – М., 2000. – 389 с.

[3] Фишер Г. Глобализация мирохозяйственных отношений. Сущность, формы и перспективы. – М., 1999. – 479 с.

[4] Бжезинский З. Великая шахматная доска. Господство Америки и его геостратегические императивы. – М., 1999. – 106 с.

REFERENCES

- [1] Nursultan Nazarbaev. «Bolashakka bagdar: ruhani jangyru» // <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>
- [2] Rojkov S. Protsey globalizatsii i natsionalnaia ekonmika. M., 2000. 389 p.
- [3] Fisher G. Globalizatsia mirochoziaistvennykh otnoshenii. Sushnost, fopmy i perspektivy. M., 1999. 479 p.
- [4] Bjezinskii Z. Velikaia shachmatnaia doska. Gospodstvo Ameriki i ego geostrategicheskie imperativi. M., 1999. 106 p.

А. Т. Абдираманова<sup>1</sup>, Б. М. Сатершинов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Старший преподаватель Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата,  
кандидат философских наук,

<sup>2</sup>Заведующий отдеом религиоведения Института Философии, политологии  
и религиоведения КН МОН РК, доктор философских наук, профессор

**КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ  
И ЕЕ НАЦИОНАЛЬНО-КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ**

**Аннотация.** В статье поднимается проблема конкурентоспособности национальной самобытности и сохранения культурных ценностей в условиях глобализации. Раскрываются истоки глобализации и характер ее распространения во всем мире. Доказывается отрицательное влияние экономической глобализации на самобытное культурное развитие национальных сообществ, так как в международном менеджменте бизнеса не учитывается национальная особенность ведения хозяйств.

**Ключевые слова:** конкурентоспособность, социо-культурный фактор, традиция, инновация, глобализация, предпринимательская культура, ценности, духовная модернизация, ведение хозяйства, национальная экономика.

---

---

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

**ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)**

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, Т. М. Апендиев*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 10.10.2017.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
15,4 п.л. Тираж 2000. Заказ 5.